

БЕКІТЕМІН

Директор

_____ А. Могилевский

2024 жылғы «_____» _____

Басылым: №1

Көшірме:

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің

«Астана» Олимпиадалық дайындық орталығы» республикалық мемлекеттік

қазыналық кәсіпорнының

КОРПОРАТИВТІК КОДЕКСІ

МАЗМҰНЫ:

«Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК директорының үндеуі	3 бет
Кіріспе	4 бет
«Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК тарихы	5 бет
Біздің миссиямыз	11 бет
Біздің құндылықтарымыз	11 бет
Корпоративтік артықшылықтар	14 бет
Жоғары тұрған органдармен қарым-қатынас.....	15 бет
Мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынас	15 бет
Өнім берушілермен қарым-қатынас	16 бет
Қызметкерлермен қарым-қатынас	16 бет
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	17 бет
Кәсіпорынның меншігін және ресурстарын тиімді пайдалану.....	20 бет
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	20 бет
Корпоративтік имидж және стиль	20 бет
Біздің дәстүрлеріміз	20 бет
Ішкі нормалар мен қағидалар	21 бет
Корпоративтік кодексті сақтау және оны бұзғаны үшін жауапкершілік	22 бет

«Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК ДИРЕКТОРЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті әріптестер!



Корпоративтік құндылықтар мен стандарттар - кез келген ұйым табысының маңызды құрамдас бөлігі екендігі баршамызға белгілі.

Іскерлік этика кодексі орнықты корпоративтік мәдениет пен құндылықтар жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Біздің Кәсіпорынның жетістігі оның қызметкерлеріне толықтай байланысты екенін анық түсінеміз. Біздің қызметкерлеріміз - «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК жалпы қызметінің тиімділігін арттыруға негіз болатын ең құнды актив. Әрбір қызметкер Кәсіпорынның айнасы екенін, өзінің еңбегі мен мінез-құлқы арқылы оның беделі мен мәртебесін қолдайтынын есте сақтау маңызды.

Осыған байланысты біз осы Корпоративтік кодексті әзірлеп, енгіздік. Бұл - Кәсіпорын қызметкерлері өз жұмысы мен іс-әрекетінде басшылыққа алуға міндетті корпоративтік құндылықтар, принциптер мен талаптар түріндегі моральдық-этикалық және іскерлік стандарттар жиынтығы.

Өзінің еңбек қызметінде Кәсіпорынның әрбір қызметкері мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- Кәсіпорынның миссиясын білу және оны басшылыққа алу;
- Кәсіпорынның корпоративтік мәдениетіне бейілділік таныту;
- Біз ұсынатын қызметтердің маңыздылығын және Кәсіпорынның іскерлік беделінің құндылығын түсіну;
- Өз іс-әрекеттері мен шешімдерінің Кәсіпорын миссиясына сәйкес келуінің маңыздылығын сезіну;
- Осы Кодексте қабылданған қағидаттарды, стандарттарды және нормаларды қатаң сақтау.

Біз осы Кодексті лауазымына қарамастан Кәсіпорын мен Филиалдардың барлық қызметкерлеріне арналған ортақ нұсқаулық ретінде қарастырамыз. Сондықтан әрбір қызметкердің бұл құжатпен мұқият танысып, оның талаптарын бұлжытпай орындауы маңызды. Кодекс ережелерін ұстану жағымды корпоративтік мәдениетті қолдауға ықпал етеді, Кәсіпорынның беделі мен абыройын нығайтады, сондай-ақ болашақтағы табысты дамуымыздың кепілі болып табылады.

Кәсіпорын мен Филиалдардың барлық қызметкерлері мамандығына, атқаратын лауазымына және жұмыс орнына қарамастан, Корпоративтік кодекстің ережелерін қолдап, оларды қатаң сақтайтынына сенімдімін.

*Могилевский Андрей Витальевич,
«Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК директоры*

КІРІСПЕ

Корпоративтік кодекс (бұдан әрі мәтін бойынша - Кодекс) «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК (бұдан әрі мәтін бойынша - Кәсіпорын) Кәсіпорын мен оның филиалдарының миссиясын, корпоративтік құндылықтарын, корпоративтік этика мен мәдениетін, сондай-ақ келушілермен, мемлекеттік органдармен, қоғаммен, өнім берушілермен, қызметкерлермен өзара қарым-қатынас этикасын айқындайды. Кодекс Кәсіпорын мен филиалдардың барлық қызметкерлеріне арналған ішкі нормаларды, стандарттар мен қағидаларды белгілейді. Оларды сақтау Кәсіпорынның іскерлік беделі мен тиімділігін қалыптастыратын базалық этикалық құндылықтарға бүкіл ұжымның бейілділігін көрсетеді.

Осы Кодексті қолданысқа енгізудің мақсаттары мыналар болып табылады:


- Кәсіпорынның корпоративтік мәдениетінің қағидалары мен нормаларын регламенттеу және оларды қызметкерлер арасында одан әрі ілгерілету;
- Кәсіпорын қабылдаған корпоративтік этика нормаларын біркелкі түсіну және орындау, сондай-ақ бұл қағидаларды кеңседе де, Кәсіпорынның барлық бөлімшелерінде де (филиалдарда) к;
- Кәсіпорын қабылдаған корпоративтік этика нормаларын барлық қызметкерлердің кеңседе де, Кәсіпорынның барлық бөлімшелерінде де (филиалдарында) бірыңғай түсінуі мен орындауы;
- Кәсіпорынның барлық қызметкерлері өз қызметінде - стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да басшылыққа алатын негізгі құндылықтарды, принциптер мен қағидаларды бекіту;
- Кәсіпорын мен оның филиалдарының күнделікті қызметіне корпоративтік мінез-құлық принциптері мен қағидаларын қалыптастыру және енгізу.

Осы Кодекс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Кәсіпорынның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес, сондай-ақ іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың танылған стандарттары ескеріле отырып әзірленді. Кодекс Кәсіпорын мен жоғары тұрған ұйымдардың корпоративтік этика принциптері мен корпоративтік құндылықтарын пайымдауы мен түсінігін көрсетеді.

Кодекс өзге де ішкі құжаттармен тең дәрежеде қолданылады және Кәсіпорын мен филиалдардың барлық қызметкерлеріне қолданылады.

Жұмысқа жаңадан қабылданған әрбір қызметкер ұжым мүшесі атана отырып, өз қызметінде Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында, соның ішінде осы Кодексте бекітілген корпоративтік нормалар мен құндылықтарға сүйенуге міндетті.

Күнделікті қызметімізде өз құндылықтарымызды басшылыққа алып, соған сай шешімдер қабылдай отырып, біз барлық қызметкерлер ортақ мақсаттарға қол жеткізу жолында біртұтас команда болып еңбек ететін корпоративтік мәдениетті қалыптастырамыз.



«АСТАНА» ОЛИМПИДАЛЫҚ ДАЯРЛАУ ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК ТАРИХЫ

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Спорт резервін және ұлттық құрама командаларды сапалы даярлау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 мамырдағы №359 қаулысымен Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Велосипед спортынан олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 ақпандағы № 244 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің «Велосипед спортынан олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК болып қайта аталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1440 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Велосипед спортынан олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК болып қайта аталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 қарашадағы № 766 қаулысымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Велосипед спортынан олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК, «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК, Астана қаласындағы «Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК және «Атыс түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК біріктіру жолында Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Нұр-Сұлтан» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 қазандағы № 820 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Нұр-Сұлтан» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны одан Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №256 бұйрығына сәйкес Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК болып қайта аталды.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру және халықаралық спорт аренасында табысты өнер көрсетуін қамтамасыз ету үшін оларды жыл бойы орталықтандырылған даярлауды ұйымдастыру және өткізу болып табылады. Спортшыларды даярлау спорттың 11 түрі бойынша жүргізіледі: тас жолдағы велоспорт, тректегі велоспорт, маунтинбайк, академиялық есу, байдарка мен каноэде есу, байдарка мен каноэдегі есу слаломы, нысана көздеу, стенд ату, садақ ату, триатлон және жеңіл атлетика. Сондай-ақ бұқаралық дене шынықтыру-спорттық қозғалысты дамыту үшін спорттық ғимараттар мен жабдықтарды ұстау және пайдалану, ұйымдар мен халыққа дене шынықтыру-спорттық қызметтер көрсету Кәсіпорынның маңызды мақсаты болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері мыналар:

- Жоғары дәрежелі спортшылар мен спорттық резервті жыл бойы орталықтандырылған даярлауды ұйымдастыру және өткізу;
- Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде өзінің немесе жалға алынған спорт нысандарында Кәсіпорын спортшылары үшін орталықтандырылған оқу-жаттығу жиындарын өткізу және оларға қатысу;
- Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесіне және спортшыларды даярлаудың жеке жоспарларына сәйкес Кәсіпорын спортшыларының, жаттықтырушыларының және басқа да қызметкерлерінің халықаралық спорттық жарыстарға, Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі оқу-жаттығу жиындарына қатысуын қамтамасыз ету;
- Спорт түрлері бойынша спорттық жарыстарды ұйымдастыру және өткізуге қатысу;
- Дене шынықтыру-сауықтыру қызметін жүзеге асыру үшін халыққа қызмет көрсету;
- Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға арналған спорттық ғимараттарды, құрылыстар мен жабдықтарды ұстау, оларға қызмет көрсету және пайдалану.

Бүгінгі таңда «Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК - Қазақстан аумағындағы ең ірі спорттық ұйымдардың бірі. Орталықтың оқу-жаттығу процесі халықаралық деңгейдегі спорттық резерв пен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлауға толық бағытталған. Кәсіпорында спортшыларды спорттың 11 түрі бойынша даярлау жүргізіледі. Осы мақсатта Кәсіпорын спорт түрлері жөніндегі федерациялар мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетінің талаптарына сай келетін ел өңірлеріндегі спорт нысандарында оқу-жаттығу жиындарын тұрақты түрде ұйымдастырады.

Шымкент қаласында атыс спорты түрлеріне арналған мамандандырылған спорт базасы жұмыс істейді. Нысан жаттығу процестері мен спорттық іс-шараларды өткізуге арналған, сондай-ақ мұнда спорттық қару-жарақ пен ату құрал-жабдықтарын қауіпсіз сақтауға арналған арнайы үй-жайлар бар.

Алматы қаласы мен Алматы облысының аумағында спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу жиындары мен спорттық жарыстар тұрақты түрде өткізілетін негізгі спорт базаларының көпшілігі орналасқан.

«Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК екі ірі спорт нысанын басқарады: «Сарыарқа» республикалық велотрегі және «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешені.

«Сарыарқа» республикалық велотрегі - 2011 жылы бой көтерген және әлемдегі ең үздік спорттық құрылыстардың бірі ретінде танылған көпсалалы спорт кешені. Кешеннің велошабандоз дулығасын бейнелейтін бірегей сәулеттік пішіні ерекше назар аудартады.

Велотрек елордадағы Қабанбай батыр және Тұран даңғылдарының аралығында орналасқан спорттық кластердің бір бөлігі болып табылады. Кешен мінберлеріне 9 195 көрермен сияды. Жалпы ауданы шамамен 45 мың шаршы метрді құрайтын велотректен бөлек, кешен құрамына ауданы 4,2 мың шаршы метрлік мұз аренасы да кіреді.

«Сарыарқа» республикалық велотрегінің техникалық жабдықталуы мен конструкциялық ерекшеліктері ең жоғары әлемдік стандарттарға сай келеді. Жарыстарды өткізудің қауіпсіздігі мен әділдігіне қазіргі заманғы төрелік ету, хронометраж жүйелері, фотофиниш камералары, ақпараттық таблолар және автоматтандырылған мониторинг жүйесі

кепілдік береді. Ал ғимараттың тіреуіш конструкцияларының жай-күйін үздіксіз автоматты түрде қадағалау келушілер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Велосипед жарысына арналған тректің өзін ерекше атап өткен жөн. Оның параметрлері: жолдың ұзындығы 250 метр, ені 7 метр, бұрылыстардағы еңістік 42 градус, ал тік учаскелердегі еңістік: 12,5 градус және трек бойымен қозғалыс бағыты: сағат тіліне қарсы. Мұнда ірі халықаралық және республикалық жарыстар өткізіледі, спорттық рекордтар орнатылады, ал спортшылар өз дағдыларын жоғары деңгейде көрсетуге мүмкіндік алады.

Кешеннің көпсалалы болуы да маңызды аспект болып табылады. Ол бокс, дзюдо, гимнастика, баскетбол, волейбол, концерттер және басқа да іс-шаралар сияқты түрлі спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу үшін жедел түрде қайта жабдықтауға мүмкіндік береді. Конструкцияның әмбебаптығы «Сарыарқа» республикалық велотрегін бұқаралық спортты дамытуға және кең аудитория үшін түрлі іс-шаралар өткізуге ықпал ете отырып, өңірдегі ең маңызды спорт және мәдениет орталықтарының біріне айналдырады.

Дамыған және кедергісіз инфрақұрылымның арқасында спорт кешенінің қызметтері халықаралық деңгейдегі кәсіби спортшыларға да, спорт әуесқойларына да, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға да бірдей қолжетімді.

«Сарыарқа» республикалық велотрегі кешенінің ортақ күмбезінің астында мынадай нысандар орналасқан:

- Әлемдік деңгейдегі велосипед трегі
- Мұз айдыны
- Фитнес орталығы
- Гимнастика залы
- Бокс залы
- Тхэквондо және жекпе-жек залдары
- Ойын залдары
- Шағын-футбол алаңдары
- Мейманхана кешені
- Мейрамхана кешені
- Мәжіліс залдары
- Кеңсе бөлмелері



Көпсалалы кешеннің құрамына сондай-ақ велосипед орталығы, оқу блогы және велосипед жөндеуге арналған мамандандырылған шеберхана кіреді. Спорт кешенінің базасында мынадай бағыттар бойынша балалар мен әуесқойларға арналған спорт секциялары жұмыс істейді:

- велоспорт
- тхэквондо
- мәнерлеп сырғанау
- карате
- жүзу
- хоккей
- беговел (тепе-теңдік велосипеді)
- дзюдо



Мұз айдыны

Мұз аренасы мұздағы спорт түрлері бойынша жаттығулар мен жарыстарды өткізу үшін халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленген. Мұз айдыны мұздағы сырғанақ алаңы шорт-тректен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыруға, сондай-ақ мәнерлеп сырғанау мен шорт-тректен чемпионаттар мен спорттық жарыстар өткізуге толық сай келеді.

Мұз аренасында тағы 2 автономды жаттығу залы орналасқан. мұз технологиялары саласындағы заманауи әзірлемелер қолданылған әмбебап ғимарат. Нысанда мұз технологиялары саласындағы заманауи әзірлемелер қолданылған және ол қашықтан басқару, мониторинг жүйесімен, сондай-ақ бейнебақылау аппараттарымен жарақтандырылған.


Жалпы алаңы 600 шаршы метрден асады және 350 көрермен орнын қамтиды.

Фитнес орталығы

«Сарыарқа» республикалық велотрегінің фитнес орталығы елорда тұрғындарына дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін жоғары кәсіби деңгейде ұсынады және келушілерге жеке көзқарас қалыптастыру қағидасын қолданады.

Фитнес орталықтың құрылымында жаттығу залдары, бассейндер, сондай-ақ саунаның үш түрі бар.

1 344 шаршы метр аумақты алып жатқан жаттығу залдары жетекші әлемдік өндірушілердің жоғары сапалы спорттық жабдықтарымен қамтамасыз етілген.



Зал аумағы мамандандырылған жабдықтармен жасақталған функционалдық аймақтарға бөлінген. Кардио-аймақ аэробтық жаттығуларға, жүрек-қантамыр жүйесін нығайтуға және жалпы физикалық дайындықты арттыруға арналған жүгіру жолдарымен, эллипстік жаттығу құрылғыларымен және велокұрылғылармен жабдықталған.

Нұсқаулық құрам топтық және жеке сабақтарды өткізетін жоғары білікті мамандардан - спорт шеберлері мен спорт кандидаттарынан жасақталған.

Орталықтың бассейндері суды тәулік бойы сүзу мен көпсатылы тазартудың автоматтандырылған жүйелерімен жарактандырылған. 6 жолақтан тұратын ересектерге арналған бассейннің ұзындығы - 25 м, ені - 17 м, температуралық режимі - 26,5-27,5 С, тереңдігі - 2 м. Балаларға арналған бассейннің ұзындығы - 13 м, ені - 6 м, тереңдігі - 1 м, су температурасы - 30–31°С.

Аква-аймақ қажетті құрал-жабдықтармен, себезгі кабиналарымен және киім ауыстыруға арналған шкафтары бар гардеробтармен қамтамасыз етілген. Термиялық кешен саунаның үш түрін қамтиды: фин саунасы, хамам және ылғалды бу саунасы.

Кешен базасында базалық дағдыларды үйретуге де, спорттық техниканы жетілдіруге де бағытталған ересектер мен балаларға арналған жүзу секциялары жұмыс істейді. Жаңадан бастаушылар үшін тәжірибелі жүзу нұсқаушылары әзірлеген жеке бағдарламалар қарастырылған.

Сонымен қатар бассейнге кіру бөлігі мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған мамандандырылған пандуспен және лифт-көтергішпен жабдықталған.

Жекпе-жек және тхэквондо залдары

Жекпе-жек және тхэквондо бойынша жаттығу процестеріне арналған залдар кешеннің нөлдік және бірінші қабаттарында орналасқан. Жекпе-жек залының ауданы 665 шаршы метрді, тхэквондо залының ауданы 465 шаршы метрді құрайды. Залдардың бейінді инфрақұрылымы кәсіби татамилермен, бокс рингімен, қаптармен, қорғаныс шлемдерімен және жеке қорғаныс құралдарымен толық жарактандырылған.

Ойын залы

Ауданы 695 шаршы метрді (ойын бөлігі - 411 шаршы метр) құрайтын әмбебап зал нөлдік қабатта орналасқан. Шағын футбол, баскетбол және волейболдан жаттығу процестері мен әуесқойлар турнирлерін өткізуге арналған. Зал едені арнайы резеңке жабынмен, ал қабырғалары ойыншылардың қауіпсіздігі үшін жұмсақ борттармен жабдықталған. Зал базасында 7 жастан асқан балаларға арналған шағын футбол секциясы жұмыс істейді.

Гимнастика залы

Залдың жалпы ауданы 721 шаршы метрден асады (жаттығу аймағы - 410,4 шаршы метр). Гимнастика залы қажетті кәсіби құрал-жабдықтармен: брустармен, бөренелермен, ағаш аттармен, төсеніштермен, көпіршелермен толық жасақталған, сондай-ақ мұнда «қону аймағы» деп аталатын арнайы қауіпсіз жабын монтаждалған.

Сыртқы футбол алаңдары

Велотрек аумағында тұрғындардың қолданысына арналған екі ашық шағын футбол алаңы бар. Бір алаңның жалпы өлшемі - 20x40 метр, ойын бөлігінің ауданы - 16x36 метр. Футбол алаңдары жасанды төсенішпен, футбол қақпаларымен жабдықталған және жылы мезгілде (сәуір- қазан) жұмыс істейді.

Мәжіліс залы

Ауданы 297 шаршы метрді құрайтын және 120 орындық сыйымдылығы бар Велотректің мәжіліс залы ресми баспасөз конференцияларын, брифингтер мен жиналыстарды өткізуге арналған. Осындай іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін зал қажетті техникалық мультимедиалық жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Мейманхана кешені


Спорт кешенінде ауданы 2 446,4 шаршы метрді құрайтын, 50 бөлмелі және 100-ден астам қонақты қабылдау мүмкіндігі бар мейманхана орналасқан. Мейманхана оқу-жаттығу жиындары мен жарыстар кезінде спортшыларға, жаттықтырушылар штабына, ресми делегацияларға, сондай-ақ мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысушыларға арналған.

Мейрамхана кешені


Мейрамхана кәсіби технологиялық жабдықтармен жасақталған. Кәсіпорын қызметкерлері, келушілер мен ресми қонақтар үшін қоғамдық тамақтандыруды, кешенді түскі астар мен фуршеттерді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Спортшылар үшін мейрамхана кешенінде спорттық нормативтер ескеріле отырып әзірленген арнайы теңдестірілген мәзір қарастырылған.

«Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешені халықаралық деңгейдегі ірі спорттық іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ сапалы жаттықтырушылар құрамы мен спортшыларды жоғары сапалы даярлауға арналған әлемдік деңгейдегі көпсалалы спорттық ғимарат болып табылады.

Трибуналары бар жеңіл атлетика аренасы (жеңіл атлетика ядросы) мыналарды қамтиды:



- Айналмалы жүгіру жолдары: ядроның сыртқы периметрі бойынша 6 параллельді жолақ (ұзындығы - 200 м, әр жолақтың ені - 1 м);
- 50 және 60 метрге жүгіруге арналған ядро орталығындағы 8 параллельді жолақ (әр жолақтың ені - 1,22 м), мәре аймағында нормативтік тежелу аймағымен жабдықталған;
- Ұзындыққа секіруге және үш қарғып секіруге арналған сектор;
- Сырықпен секіруге арналған сектор;
- Көрсеткіш мінбері 6 838 отыратын орынға есептелген.



Көпсалалы кешеннің құрылымына сондай-ақ мынадай нысандар кіреді:

- Ұзындығы 25 метрлік 6 жолақты жүзу бассейні;
- Екі кіріктірілген көтергіш суасты жүгіру жолымен жарақтандырылған бассейн;
- Спортшылардың тұруына арналған 40 орындық ішкі жатақхана;
- Атлетикалық (жаттығу) залы;
- Ұзындығы 160 метрлік айналмалы жүгіру жолағын, сондай-ақ ядро лақтыруға, биіктікке және ұзындыққа секіруге арналған секторларды қамтитын жаттығу трегі;
- Ауқымды баспасөз конференцияларын өткізуге арналған 400 орындық үй-жайлар;
- Аудармашыларға арналған бөлмелері бар ресми сұхбаттар өткізуге арналған 242 орындық зал;
- 130 орындық кафе.

Тарих – біздің іс-әрекеттеріміздің қазынасы, өткеннің куәгері, бүгінгі күнге үлгі әрі габрият, болашаққа ескерту. Әрбір қызметкер Кәсіпорынның жинақтаған тәжірибесіне теңдессіз құрметпен қарауға міндетті.

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

Біздің миссиямыз - Қазақстан Республикасының спорт құрама командалары үшін спорт резервін жоғары сапалы және үздіксіз даярлауды қамтамасыз ету. Сонымен қатар, сеніп тапсырылған спорт нысандарының: «Сарыарқа» республикалық велотрегі мен «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінің сенімді, қауіпсіз және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Біздің басымдықтарымыз - кедергісіз орта қалыптастыру және барлық жастағы, әлеуметтік санаттағы және физикалық дайындық деңгейіндегі азаматтар үшін дене шынықтырумен және спортпен шұғылданудың барынша қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Кәсіпорынның стратегиялық мақсаты - жоғары жетістіктер спорты саласын серпінді дамыту және жоғары нәтижелерге қол жеткізу, ұсынылатын дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерінің сапасын үздіксіз жақсарту, сондай-ақ спорттық-бұқаралық және ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізу деңгейін арттыру болып табылады.

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Кәсіпорын қызметінің негізінде іргелі құндылықтар мен принциптер жатыр. Олар шешімдер қабылдау кезінде басты бағдар болып табылады, сондай-ақ кәсіби қызметті іскерлік этиканың ең жоғары стандарттарына қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Барлық корпоративтік құндылықтар мен принциптер өзара байланысты және Кәсіпорын үшін бірдей дәрежеде маңызды болып табылады.

Кәсіпорынның корпоративтік құндылықтары мыналар болып табылады:

<p>Тиімділік</p> <p>Кәсіпорын жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен ұйымдар алдындағы өз міндеті мен жоғары жауапкершілігін терең түсінеді. Осыған байланысты қызметтің жоғары тиімділігі мен табыстылығы, мақсатты нәтижелерге қол жеткізу - басты құндылықтар болып табылады.</p>	<p>1. Нақты әрі түсінікті тұжырымдалған міндеттерден тұратын күнделікті істер тізімін (жоспарын) құру;</p> <p>2. Алға қойылған міндеттерді шешудің неғұрлым тиімді әрі жедел тәсілдерін ойластыруға және іздестіруге күн сайын кемінде 10 минут уақыт бөлу;</p> <p>3. Барлық жоспарланған міндеттерді белгіленген мерзімде, тиісті жауапкершілікпен және жоғары сапамен орындау.</p>
<p>Қызметкерлер</p> <p>Кәсіпорын атқарып жатқан барлық іс-шаралар - адамдар тарапынан және адамдардың игілігі үшін жасалады.</p> <p>Персоналдың кәсіби сапасы, әрбір қызметкердің таланты мен әлеуетін ашу үшін жағдай жасау, сондай-ақ оларды Кәсіпорын мен қызметкерлердің өз мүддесіне тиімді бағыттау білу - Кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудегі жан-жақты табысының бұлжытпайтын шарты болып табылады.</p> <p>Қазақстан Республикасының спорт түрлері бойынша спортшыларын сапалы әрі үздіксіз даярлауды жүзеге асыру тікелей біздің</p>	<p>Кәсіпорынның құндылығы — басты қызметкерлері оның</p>

қызметкерлеріміздің үйлесімді, адал және жоғары кәсіби еңбегіне байланысты.



Әлеуметтік жауапкершілік

«Астана» Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК - қоғамның үйлесімді дамуына және салауатты өмір салтын насихаттауға елеулі үлес қосатын әлеуметтік жауапты Кәсіпорын. Кәсіпорында еңбекті материалдық ынталандыруға, жас мамандарды жұмысқа бейімдеу мен олардың кәсіби өсуіне, мүгедектігі бар тұлғаларға қамқорлық жасауға, сондай-ақ өңірлердің әлеуметтік саласын қолдауға бағытталған бірқатар әлеуметтік бағдарламалар әзірленіп, жоспарлы түрде іске асырылуда.

Кәсіпорын әлеуметтік жауапкершіліктің рөлін оның әлеуметтік саясатына сәйкес, заңмен белгіленген міндетті минимум шеңберінен шығатын, қоғам мен әлеуметтік саланы дамытуға қосылатын ерікті әрі саналы үлес ретінде қарастырады.

Жұмыстағы әлеуметтік аспект Кәсіпорынның іскерлік беделінің маңызды көрсеткіші ретінде барған сайын үлкен мәнге ие болуда және мыналарға мүмкіндік беретін стратегиялық құралдардың бірі болып табылады:

- Барлық спорт ұйымдарымен, қызметкерлермен, тұтынушылармен және серіктестермен тиімді әрі теңдестірілген қарым-қатынас орнату.

Жұмыстың алғашқы күндерінен бастап Кәсіпорын спортта жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылумен қатар, өз қызметін барынша тиімді ұйымдастыруға, саналы құрылымды құруға тырысты. Ол үшін әлемдік озық тәжірибені спортта, корпоративтік басқаруда және кадрлық әлеуметті дамытуда пайдаланды.

Серіктестік

Кәсіпорын федерациялармен, спорт ұйымдарымен және келушілермен қалыптасқан қарым-қатынастарды орнатады, қолдайды және жоғары бағалайды. Жоғары тиімді нәтижелерге жету ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді ынтымақтастықсыз, федерациялар тарапынан спорттың тұрақты дамуына қызығушылықсыз, сондай-ақ қабылданған міндеттемелерді орындауда өзара құрмет пен жауапкершілік болмаса мүмкін емес.

Кәсіпорын еңбек ұжымдарында серіктестік пен ұжымдастық рухын қолдайды, қызметкерлерді жоғары нәтижелерге жетуге ынталандырады.

Адалдық пен адамгершілік

Кәсіпорын өзінің жан-жақты қызметінде

Кәсіпорынның қызметі үшін немқұрайлылық пен кез келген

<p>заңдар мен белгіленген мақсаттарды жай ғана ресми түрде орындап қоймайды. Біз үшін қалай және не үшін жұмыс істейтініміз де маңызды. Кәсіпорын өзінің басты миссиясын (арналған мақсатын) негізге ала отырып, өз қызметін адалдық пен әділдік, құрмет пен парасаттылық қағидаттарын да жүзеге асырады.</p>	<p><i>жолмен нәтижеге қол жеткізуге жол берілмейді.</i></p>
<p>Даму Кәсіпорын табысының кепілі - тұрақты жаңару, жаңа технологияларды құру және игеру қабілеті болып табылады. Кәсіпорында жұмыс істеу әрбір қызметкерден жұмысқа орналасу сәтіндегі біліктілік талаптарына сәйкес келуді ғана емес, сонымен қатар тұрақты түрде кәсіби дамуға деген ұмтылысты талап етеді.</p>	<p><i>Біз еліміздің даму қарқынына сай болуға ұмтыламыз және жұмысымызды сапалы, қауіпсіз әрі ең аз шығынмен орындауға мүмкіндік беретін жаңа білім мен инновациялық шешімдерге әрқашан ашықпыз.</i></p>
<p>Нәтижеге бағыттылық Біз - ортақ жетістіктер мен нәтижеге бағытталған біртұтас командамыз. Сондықтан біз барлық міндеттерді нақты және белгіленген мерзімде шешуге ұмтыламыз.</p>	
<p>Кәсіби біліктілік Кәсіпорын қызметкерлердің кәсіби білімі мен дағдыларын тұрақты түрде жетілдіруге ұмтылады. Қызметіміздің сипаты қызметкерлердің кәсіби деңгейіне жоғары талаптар қояды, сондықтан біз кадр құрамын қалыптастыруға ерекше назар аударамыз. Әркімге өзін көрсетуге тең мүмкіндіктер бере отырып, біз үздіктерді ынталандырамыз және олардың мансаптық өсуі үшін жағдай жасаймыз.</p>	<p><i>Жұмысымыздың нәтижесі кәсіби тұрғыдан мінсіз болуы тиіс. Біз сапалы білімге, мол тәжірибеге, өз жұмысымызды жүйелі түсінуге, салмақты әрі жауапты шешімдер қабылдау біліктілігіне, сондай-ақ Кәсіпорынның процестерін, миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін терең түсінеміз.</i></p>
<p>Жауапкершілік Біздің әрқайсымыз өзіміздің лауазымдық міндеттерімізді орындауға барынша жауапкершілікпен қараймыз, салғырттыққа жол берілмейді. Кәсіпорын, өз тарапынан, қызметкерлеріне әділ еңбекақы төлеуді, қауіпсіз әрі жайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге тырысады. Жауапкершілік - біздің қызметіміздің сапасының кепілі. Кәсіпорын алған міндеттемелеріне, Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына, келісімшарттық қатынастарға, іскерлік әдет-ғұрыптарға және моральдық-адамгершілік қағидаттарға жауапкершілік алады.</p>	<p><i>Кәсіпорынның әрбір қызметкері спорттық резервті даярлау сапасы үшін спортшылар алдында жоғары жауапкершілік жүгін арқалайды. Өз кезегінде Кәсіпорын өз спортшылары мен федерациялардан да дәл сондай жауапты көзқарасты күтеді. Сонымен қатар, Кәсіпорын мемлекет пен қоғам алдындағы өз жауапкершілігін терең сезінеді.</i></p>
<p>Сенім Әріптестерге деген сенім, олардың кәсібилігіне, адалдығы мен ашықтығына деген нық сенім бізге қойылған міндеттерді тиімді еңсеруге мүмкіндік береді және қоғам алдында біздің жоғары беделімізді қамтамасыз етеді.</p>	<p><i>Біз қалыптасқан беделімізді жоғары бағалаймыз және күнделікті сенімді әрі сапалы жұмыс есебінен оны сақтауға және жақсартуға ұмтыламыз.</i></p>

<p><i>Бастамашылдық</i> Кәсіпорын қызметті жүзеге асыру және лауазымдық міндеттерді орындау кезінде қызметкерлердің белсенділігі мен дербестігін ынталандырады</p>	<p><i>Бастамаға қолдау көрсетіледі!</i></p>
<p><i>Ұқыптылық</i> Біз Кәсіпорын активтерін, өзіміздің жұмыс уақытымызды және басқа қызметкерлердің жұмыс уақытын пайдалануға жауапкершілікпен және ұқыптылықпен қараймыз.</p>	
<p><i>Өзара құрмет</i> Жұмыстағы ұжымдық рух, сенім, ізгі ниеттілік және қойылған міндеттерді шешу барысындағы ынтымақтастық - өзара құрметтің негіз қалаушы құрамдас бөлігі болып табылады.</p>	<p><i>Командада жұмыс істеу біз үшін маңызды! Біз өзіміздің ұйымшыл ұжымымызды жоғары бағалаймыз, корпоративтік рухты қолдаймыз және бір-бірімізге құрметпен қараймыз.</i></p>
<p><i>Диалогқа ашықтық</i> Кәсіпорынның барлық қызметкерлері ақпаратты ашық әрі адал алмасуды жүзеге асырады және әрқашан бірлесіп оңтайлы шешім әзірлеуге дайын.</p>	
<p><i>Сабақтастық</i> Біз аға буынның еңбегі мен тәжірибесіне құрметпен қараймыз. Аға буынның тәжірибесін жас қызметкерлерге беру арқылы кәсіптік оқыту және тәлімгерлік саланы тұрақты дамытуға ұмтыламыз.</p>	<p><i>Біз спорт резервін даярлау сапасын арттырамыз. Спортшылар Қытай, Италия, Франция, Ұлыбритания, Тайланд, Түркия, Катар және т.б. сияқты жетекші халықаралық спорттық елдерде оқу-жаттығу жиындарынан өтеді.</i></p>
<p><i>Адалдық пен әділдік</i> Адалдық пен әділдік - Кәсіпорынның, оның іскерлік беделінің іргетасы, сондай-ақ келушілермен сапалы жұмыс істеудің, басшылықпен және қызметкерлермен дұрыс қарым-қатынас орнатудың басты қағидаттары болып табылады. Біз жеке мүдделер мен кәсіби қызмет арасында қайшылық болуын түсінеміз және оған жол бермейміз. Алдау, жасыру және жалған мәлімдемелер жасау Кәсіпорын қызметкерінің мәртебесіне мүлдем сай келмейді.</p>	
<p><i>Ақпараттық ашықтық</i> Кәсіпорын өзі туралы, басшылық құрамның құрылымы, Кәсіпорынның көрсететін қызметтері мен жетістіктері, сондай-ақ қаржылық қызметінің нәтижелері туралы ақпараттың барынша ашық әрі сенімді болуына ұмтылады. Біз басшылықты және келушілерді істің жай-күйі туралы адал, егжей-тегжейлі және уақтылы хабардар етуге, белсенді коммуникациялық саясат жүргізуге, есептілік пен есепке алу сапасын жақсарту негізінде ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталғанбыз. Сонымен бірге, Кәсіпорын коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің жария етілмеуін қатаң қадағалайды.</p>	

КОРПОРАТИВТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

Біз көрсетілетін қызметтердің сапасына, сенімділігіне және кәсіби біліктілігіне кепілдік береміз.

Біз өзгерістерден қорықпаймыз және жаңа жетістіктерге ұмтыламыз.

Барлық жастағы және дене дайындығы деңгейі әртүрлі адамдар үшін спортпен шұғылданудың қолжетімділігін қамтамасыз ету - біздің басты басымдығымыз болып табылады!

ЖОҒАРЫ ТҰРҒАН ОРГАНДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Біз барлық жоғары тұрған органдарға және олардың өкілдеріне құрметпен қараймыз, жоғары тұрған органдармен қарым-қатынаста Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаймыз.

Кәсіпорын өзінің болашақтағы дамуы мен жетілуін ескере отырып, қазіргі уақыттың қажеттіліктеріне жауап беретін Кәсіпорынды кешенді тұрақты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дамытуда барлық мүдделі тараптардың үміттерін қанағаттандыруға бағытталған тұжырымдаманы іске асырады.

Жоғары тұрған органдармен қарым-қатынаста Кәсіпорын ашық саясат жүргізеді және корпоративтік басқарудың мынадай қағидаттарын қатаң ұстанады: барлық жоғары тұрған органдардың тең құқықтарын құрметтеу және қамтамасыз ету, олардың мүдделерін бұлжытпай сақтау, ақпаратты уақтылы ашу, белсенді коммуникациялық саясат жүргізу, есептілік пен есепке алу сапасын жақсарту негізінде ақпараттың көрнекілігі мен қолжетімділігін арттыру.

Жоғары тұрған органдар алдындағы міндеттемелерді орындау мақсатында барлық қызметкерлер



келесі ережелерді сақтауы тиіс:

<i>Жоғары тұрған органдармен және олардың өкілдерімен қарым-қатынаста сыпайылық таныту және қойылған мәселелер мен міндеттерге тиісті деңгейде назар аудару қажет.</i>	<i>Құпия ақпаратпен жұмыс істеу кезінде ерекше мұқияттылық таныту қажет.</i>
--	--



келесі әрекеттерге жол берілмейді:

<i>Жоғары тұрған органдар өкілдерінің қызметтік өтініштерін немесе мәлімдемелерін елеусіз қалдыруға, сондай-ақ немқұрайлылық пен дөрекілік танытуға ешбір жағдайда жол берілмейді.</i>	<i>Құпия болып табылатын деректер мен ақпараттың жариялануына жол беруге, оның ішінде деректер мен ақпаратты басқа тұлғаларға беруге тыйым салынады.</i>
--	--

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Кәсіпорын өзінің қызметі туралы ақпараттың ашықтығы қағидатын ұстанады және сақтайды, мемлекеттік билік органдарымен және қоғамдық ұйымдармен тұрақты, сындарлы қарым-қатынас орнатуға және оны қолдауға ұмтылады.

Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының және басқа да серіктес елдердің заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне қатаң сәйкестікте құрады.

Кәсіпорынның мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынасындағы іскерлік этика стандарттарын сақтау мақсатында барлық қызметкерлер



келесі ережелерді орындауы тиіс:

<i>Өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарын және Халықаралық олимпиада комитетінің талаптарын қатаң сақтай отырып жүзеге асыру.</i>	<i>Мемлекеттік органдардан сұрау салу келін түскен жағдайда, сұрау салуға сәйкес келетін толық әрі сенімді ақпаратты ұсыну.</i>
--	---



келесі әрекеттерге жол берілмейді:

<i>Егер сіздің құзыретіңізге кірмейтін болса, мемлекеттік органдармен немесе қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру</i>	<i>Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың сұрау салуы бойынша жалған, бұрыс ақпаратты ұсыну.</i>
--	--

ӨНІМ БЕРУШІЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Кәсіпорын қызмет көрсетушілермен және өнім жеткізушілермен адал әрі ашық өзара іс-қимыл жүргізеді. Қажетті өнімді немесе қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның қызмет көрсетушілермен немесе өнім берушілермен қарым-қатынасындағы іскерлік әдеп стандарттарын сақтау мақсатында барлық қызметкерлер



келесі ережелерді орындауы тиіс:

<i>Қызмет көрсетушілермен немесе өнім берушілермен өзара іс-қимылды қатаң түрде Кәсіпорынның мүддесі үшін жүзеге асыру</i>	<i>Қызмет көрсететін немесе тауар жеткізетін өнім берушіні таңдау кезінде талап етілетін «сапа-баға» арақатынасын сақтау</i>
--	--



келесі әрекеттерге жол берілмейді:

<i>Қызмет көрсетуші немесе өнім берушіден мәміле жасалғаны немесе жасалуы үшін алғыс ретінде ақы, сыйлықтар немесе құнды нәрселерді сұрауға немесе қабылдауға</i>	<i>Қызмет көрсетуші немесе тауар жеткізушіні таңдау кезінде жеке мүдделерді негізге алуға</i>
---	---

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Кәсіпорын қызметкерлері - оның құнды ресурсы. Сондықтан біз ұжымда қызметкерлердің ең үздік кәсіби және жеке қасиеттерінің ашылуына ықпал ететін жағдай жасауға ұмтыламыз.

Кәсіпорын кез келген қызметкердің қай ұлтқа, дінге немесе мәдениетке жататынына қарамастан, оның құқықтарын құрметтейді және қамтамасыз етеді. Қызметкерлер үшін өздерінің еңбек және шығармашылық әлеуетін іске асыруға тең мүмкіндіктер берілген.

Қызметкерлер мен Кәсіпорын арасындағы қарым-қатынас сенім, өзара құрмет, адалдық, ашықтық және өзара түсіністік негізінде құрылады.

Кәсіпорын персоналды басқарудағы ақпараттың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді, басқару әдістерін үнемі жетілдіріп отырады, қызметкерлерге қолайлы еңбек жағдайларын, біліктілікті арттыру және өз әлеуетін іске асыру мүмкіндігін береді.

Еңбек нәтижелері үшін сыйақы жүйесі біліктілігі мен еңбек нәтижелері Кәсіпорын жоспарларының іске асырылуын қамтамасыз ететін қызметкерлерді тартуға, олардың уәждемесін арттыруға және ұстап тұруға бағытталған.

Кәсіпорын қызметкерлерге қатысты Кәсіпорындағы жұмыстың беделін арттыруға бағытталған әлеуметтік саясатты іске асырады және қызметкерлерге ыңғайлы әрі қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Қосымша төлемдер Кәсіпорынның ұжымдық шартына сәйкес беріледі.

Кәсіпорын спорт саласының үздік мамандарын тартуға мүмкіндік беретін, еңбек өнімділігін арттыру үшін жеткілікті уәжделімді әсері бар, Кәсіпорынның жалпы мақсаттарына қол жеткізуге әрбір қызметкердің қосқан үлесін объективті бағалауға мүмкіндік беретін еңбекақы төлеу және қызметкерді қолдау жүйесін дамытады.

Сондай-ақ Кәсіпорын жас мамандарға олардың ұжымға тезірек бейімделуіне, өз әлеуетін іске асыруына және тиімді жұмыс істеуіне ықпал ететін жағдайлар жасайды.

Кәсіпорынның қызметкерлермен қарым-қатынасындағы іскерлік әдеп стандарттарын сақтау мақсатында барлық қызметкерлер



келесі ережелерді орындауы тиіс:

<i>Кәсіпорынның әрбір қызметкеріне құрметпен қарау</i>	<i>Алға қойылған міндеттерді шешуде әріптестеріне көмек пен қолдау көрсету</i>
<i>Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында сапаны арттыруға ұмтылу</i>	<i>Кәсіби біліктілік деңгейін арттыру</i>
<i>Біртұтас команда ретінде жұмыс істеу</i>	<i>Ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды сақтау және қолдау</i>



келесі әрекеттерге жол берілмейді:

<i>Басқа қызметкерлерге қатысты агрессивті, дөрекі және қорлайтын мінез-құлық танытуға</i>	<i>Қызметкерлер туралы жеке немесе кәсіби сипаттағы жалған ақпарат пен мәліметтерді таратуға</i>
<i>Өзінің жұмыс уақытын және басқа қызметкерлердің уақытын жеке мақсаттарда пайдалануға</i>	<i>Отбасылық, достық және басқа да қарым-қатынастар негізінде қызметкердің қызмет бабында өсуіне ықпал етуге</i>

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Кәсіпорын қызметкерлердің еңбек қызметі процесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарын сақтайды.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Кәсіпорын қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Кәсіпорын қызметкерлері келесі құқықтарға ие:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнын алуға;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына, сондай-ақ еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуге;

3) жұмыс орнындағы еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін тексеру үшін еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға жүгінуге;

4) еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды жақсартуға байланысты мәселелерді тексеруге және қарауға жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға;

5) Кәсіпорын қызметкерді жеке және (немесе) ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етпеген жағдайда және олардың денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшыны немесе жұмыс берушіні жазбаша хабардар ете отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен еңбек міндеттерін қауіпсіз атқару үшін қажетті білім алуға және кәсіптік даярлықтан өтуге;

7) Кәсіпорын туралы, жұмыс орнының сипаттамасы, қауіпсіздік жағдайы, жұмыс шарттары мен қауіп-қатерлер туралы нақты ақпарат алуға, сонымен қатар зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғану шараларын білуге;

8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты Кәсіпорын жұмысының тоқтатылуы кезінде орташа жалақыны сақтап қалуға құқылы.

Кәсіпорын қызметкерлері мыналарға міндетті:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормаларының, қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтауға;

2) әрбір өндірістік жарақаттану және қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануы, кәсіптік аурудың (уланудың) белгілері туралы, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туралы Кәсіпорынға немесе жұмыстарды ұйымдастырушыға дереу хабарлауға;

3) белгіленген тәртіппен міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландырудан өтуге;

4) Кәсіпорынның талабына сай жұмыс берушінің актілерінде қарастырылған жағдайларда алдын алу мақсатындағы медициналық тексерулерден өтуге;

5) еңбек міндеттерін жалғастыруға кедергі келтіретін мүгедектіктің белгіленгені немесе денсаулық жағдайының өзге де нашарлағаны туралы Кәсіпорынға хабарлауға;

6) Кәсіпорын ұсынатын жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарын мүлтіксіз қолдануға және мақсаты бойынша пайдалануға;

7) еңбек жөніндегі мемлекеттік инспектордың, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың талаптарын және медициналық мекемелер нұсқаған емдеу және сауықтыру іс-шараларын орындауға

8) Кәсіпорын белгілеген және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытудан, нұсқаулық алудан және білімін тексеруден өтуге міндетті.

Еңбекті қорғау ережелерін әрбір қызметкер білуі және сақтауы тиіс!

Кәсіпорын:

1) жұмыс орындарында қолайлы еңбек жағдайларын жасауға жәрдемдескені, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі ұтымды ұсыныстары үшін қызметкерлерді көтермелеуге;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын бұзатын қызметкерлерді осы Кодексте белгіленген тәртіппен жұмыстан шеттетуге және тәртіптік жауаптылыққа тартуға;

3) қызметкерден өндірісте жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарын мүлтіксіз сақтауын талап етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және жұмыс берушінің актілерінде көзделген жағдайларда қызметкерлерді алдын алу мақсатындағы медициналық тексерулерге жіберуге құқылы.

Кәсіпорын:

1) жұмыс орындарында және технологиялық процестерде кез келген қауіп-қатерлерді болдырмау үшін алдын алу шараларын жүргізуге, өндірістік жабдықтарды және технологиялық процестерді қауіпсіз әрі заманауи нұсқаларға ауыстыру арқылы алдын алуға;

2) қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді, білімдерін тексеруді жүргізуге, сондай-ақ өз қаражаты есебінен өндірістік процесті және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етуге;

3) жұмыс берушінің актісімен бекітілген тізімге сәйкес, кадрлардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімді түрде, үш жылда кемінде бір рет басшы қызметкерлерді және еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды және білімдерін тексеруді ұйымдастыруға;

4) қызметкерлерге қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген арнайы киім берілуін, оларды профилактикалық өңдеу құралдарымен, жуғыш және дезинфекциялық заттармен, медициналық қобдишамен, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нормаларға сәйкес жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен жабдықталуын қамтамасыз етуге;

5) он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің өздері үшін белгіленген шекті нормалардан асатын ауыр заттарды көтеруіне және жылжытуына жол бермеуге;

6) әйелдердің өздері үшін белгіленген шекті нормалардан асатын ауыр заттарды қолмен көтеруіне және орын ауыстыруына жол бермеуге;

7) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тіркеуді, есепке алуды және талдауды жүзеге асыруға.

8) тоқсанына бір рет еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға, қызметкерлер өкілдерінің жазбаша сұрауы бойынша оларға еңбек жағдайларының, қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынуға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді қамтамасыз етуге;

10) еңбек жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың нұсқамалары мен қорытындыларын орындауға;

11) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен қағидаларға сәйкес қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша мерзімді түрде, бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өткізуге;

12) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелерін тиісті еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға бір айлық мерзімде қағаз және электрондық тасымалдағыштарда ұсынуға;

13) қызметкерді ол еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиғалардан сақтандыруға;

14) авариялық жағдайдың дамуын және жарақаттаушы факторлардың басқа адамдарға әсерін болғызбау жөнінде шұғыл шаралар қолдануға;

15) еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуді, бекітуді және қайта қарауды жүзеге асыруға;

16) меншікті қаражаты есебінен қызметкерлерді келісімде, ұжымдық шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген психотроптық және алкогольдік заттардың болуына ауысым алдындағы міндетті (еңбек қызметі барысында) медициналық

куәландырудан, Орталық спортшыларын медициналық қарап-тексеруден, сондай-ақ кәсіптік ауру белгілері пайда болған кезде міндетті медициналық қарап-тексеруден өткізуді жүргізуге міндетті.

КӘСПОРЫННЫҢ МЕНШІГІН ЖӘНЕ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Кәсіпорынның меншігі, активтері мен өзге де ресурстары - оның өркендеуі мен ұзақ мерзімді дамуының негізі. Кәсіпорынның активтеріне мүлік, құпия және қызметтік ақпарат, зияткерлік меншік, ақшалай қаражат, сондай-ақ қызметкерлерге пайдалануға берілген жабдықтар жатады. Барлық активтер тек жұмыс мақсаттарында және Кәсіпорынның мүддесі үшін ғана пайдаланылуы мүмкін.

Кәсіпорынның барлық қызметкерлері өздеріне сеніп тапсырылған құндылықтарға жауапкершілікпен, ұқыпты әрі үнемділікпен қарауға, оларды үшінші тұлғалардың пайдалануына бермеуге тиіс.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Осы Кодекстің мәтіні бойынша сыбайлас жемқорлық деп қызметтік жағдайды асыра пайдалану, пара беру, пара алу, өкілеттіктерді асыра пайдалану, коммерциялық параға сатып алу не жеке тұлғаның өз лауазымдық жағдайын Кәсіпорынның және мемлекеттің заңды мүдделеріне қайшы, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзге де мүліктік құқықтар түрінде пайда алу мақсатында өзгеше заңсыз пайдалануы, не басқа жеке тұлғалардың аталған тұлғаға мұндай пайданы заңсыз беруі түсініледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - Кәсіпорын қызметіндегі ішкі бағыттардың бірі. Біз сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін дамытамыз. Кәсіпорын қызметкерлері қандай да бір үшінші тұлғалардан сыйлықтар (қызметтер, материалдық қаражат) алу паракорлық ретінде тікелей немесе жанама түрде бағалануы мүмкін жағдайлардан аулақ болуы тиіс.

КОРПОРАТИВТІК ИМИДЖ ЖӘНЕ СТИЛЬ

Кәсіпорын қызметкерлердің іскерлік мінез-құлқы және бірыңғай фирмалық стиль сияқты элементтерден құралатын өзінің корпоративтік имиджіне үлкен мән береді.

Кәсіпорынның әрбір қызметкері өзінің мінсіз іскерлік мінез-құлқымен Кәсіпорынның оң имиджін қалыптастыруға қатысады және оның беделін нығайтады, ал қызметкердің лайықты сырт келбеті мен оның іскерлік қарым-қатынас стилі осы мінез-құлқтың элементтері болып табылады.

Фирмалық символика: Кәсіпорынның корпоративтік түстері - ақ және қара, сондай-ақ көк түс. Кәсіпорынның өзіндік ерекше логотипі бар, ол Кәсіпорынның ресми интернет-сайтында және барлық ресми құжаттарда берілген.

БІЗДІҢ ДӘСТҮРЛЕРІМІЗ

Кәсіпорынның корпоративтік мәдениеті қалыптасқан дәстүрлерге, іс-шараларды мерекелеуге, қызметкерлердің мәдени тәрбиесіне құрметпен әрі ұқыпты қарауға негізделген.

Ұжым ішінде әріптестердің туған күндерін түскі үзіліс уақытында немесе жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, алкогольдік ішімдіктерді қолданбай мерекелеу қабылданған.

Республика күні, Жеңіс күні, Спорт күні, 8 наурыз, Жаңа жыл, Наурыз, Құрбан айт мерекелеріне және басқа да мемлекеттік әрі ұлттық мерекелерге орай Кәсіпорын таңдау бойынша дәстүрлерді сақтауға, қызметкерлерде осындай іс-шараларға тиісті құрметпен

қарауды тәрбиелеуге, жалпы елдің және ұжымның қоғамдық өміріне қатысуға бағытталған корпоративтік іс-шаралар ұйымдастырады.

ІШКІ НОРМАЛАР МЕН ҚАҒИДАЛАР

Жұмыс уақыты

Қызметкер еңбек шартына, жұмыс кестесіне және Ішкі еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес жұмыс орнында болуға және өзінің еңбек міндеттерін орындауға міндетті уақыт жұмыс уақыты деп есептеледі.

Кәсіпорында мынадай жұмыс уақыты белгіленген:

- Ауысымдық жұмыстағы қызметкерлерге, кәмелетке толмаған қызметкерлерге (16-дан 18 жасқа дейін) және 1, 2-топтағы мүгедектігі бар адамдарға - аптасына 36 сағат;
- Барлық басқа қызметкерлерге - аптасына 40 сағат.

Жұмыс режимі мен жұмыс уақытының жоспары Кәсіпорын директорының бұйрығымен бекітіледі.

Екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы режимінде жұмыс істейтіндер үшін жұмыс уақытының жылдық ұзақтығы Қазақстан Республикасы бойынша өндірістік күнтізбеге, сондай-ақ жұмыс уақытының жылдық және тоқсандық кестелеріне сәйкес айқындалады.

Кәсіпорынның жұмыс жағдайлары бойынша қызметкерлердің осы санаты үшін белгіленген күнделікті немесе апта сайынғы жұмыс уақытының ұзақтығы сақталуы мүмкін емес құрылымдық бөлімшелері үшін жұмыс уақытының жиынтық есебі белгіленеді. Жұмыс уақытының жиынтық есебі үшін есептік кезең бір ай болып табылады.

Демалуға және тамақтануға арналған үзілістің ұзақтығы жұмыс күні немесе жұмыс ауысымы ішінде кемінде 1 сағат болып белгіленеді және жұмыс уақытына қосылмайды.

Дербес компьютерлерде тұрақты жұмыс істейтін қызметкерлерге жұмыс басталғаннан кейін 2 сағаттан соң және түскі үзілістен кейін 2 сағаттан соң 15 минуттық үзіліс жасауға рұқсат етіледі. Осы үзілістер кезінде кәсіптік аурулардың алдын алу мақсатында арнайы физикалық жаттығулар кешенін орындау қажет.

Қызметкерлердің қарым-қатынас қағидалары, сырт келбеті

Қызметкерлер лауазымдық жағдайына қарамастан, басқа қызметкерлерге қатысты өзара сыпайылық, ізгі ниеттілік, әдептілік, құрмет көрсетуге және өз әріптестерімен, серіктестерімен өзара қарым-қатынаста іскерлік әдепті сақтауға міндетті.

Әріптестерге олардың жасына және атқаратын лауазымына қарамастан, «Сіз» деп ресми түрде жүгіну ұсынылады. Атымен «сен» деп сөйлесуге осы сөз бағытталған қызметкердің жеке рұқсаты болған жағдайда ғана жол беріледі.

Қызметкерлер басқа қызметкерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа жанаспайтын фактілер мен мән-жайлар туралы жалған мәлімдемелер жасамауға тиіс.

Жұмыс орнында басқа қызметкерлерді қорқытуға алып келуі және агрессивті жағдай туғызуы мүмкін әрекеттерді (басқа қызметкерлерге қатысты қоқан-лоқы көрсету, дөрекілік пен зорлық-зомбылық) жасауға немесе кез келген басқа мінез-құлық танытуға жол берілмейді.

Сырт келбеті:

Кәсіпорындағы жұмыс орнындағы дресс-код (киім кодексі) іскерлік киім стиліне сәйкес келуі тиіс. Әрбір қызметкер Кәсіпорынның оң имиджін қалыптастыруға қатысады және өзінің мінсіз іскерлік мінез-құлқымен оның беделін нығайтады, ал қызметкердің лайықты сырт келбеті мен оның іскерлік қарым-қатынас стилі осы мінез-құлықтың элементтері болып табылады. Өз еңбек міндеттерін орындау кезінде қызметкерлер киім таңдауда консерватизммен, қолайлылықпен және ұқыптылықпен, сондай-ақ киімнің түсін,

үлгісін, бижутерияны, макияжды, шаш үлгісін таңдаудағы байсалдылықпен сипатталатын қатаң іскерлік стильді сақтауға міндетті.

Жұма күні - еркін киім стилі.

Барлық қызметкерлерге жұмысқа шортымен, спорттық киіммен келуге тыйым салынады. Топ (қысқа жейде), декольтесі (терең ойығы) бар киім кию ұсынылмайды.

Телефонмен сөйлесу ережелері:

Қызметкер өзі өзара іс-қимыл жасайтын әріптестерімен, спортшылармен, федерациялармен және басқа да тұлғалармен телефон арқылы сөйлескен кезде сыпайылық пен ізгі ниеттілік танытуы қажет.

Егер кабинетте басқа қызметкерлер отырса, телефонмен қатты дауыспен сөйлесуге рұқсат етілмейді.

Телефон қоңыраулары түскен кезде қызметкерлер телефонның төртінші қоңырауына дейін тұтқаны көтеруге және өз есімін атауға тырысуы керек.

Қызметкерлердің бірі орнында болмаған жағдайда, әріптестері түскен қоңырауларға жауап беруге және кейіннен орнында болмаған қызметкерге өзіне қоңырау шалынғаны туралы ескертуге тиіс.



Электрондық хат-хабар алмасу ережелері:

Электрондық хатты жолдаған кезде хатқа атау беру, яғни «Тақырыбы» өрісін толтыру қажет. Көбінесе пайдаланушы өзінің поштасын қарап шыққан кезде дәл осы хаттың тақырыбына назар аударады.

Хаттың соңында міндетті түрде тегі, аты, лауазымы (қысқартусыз), Кәсіпорынның атауы, телефон және факс нөмірлері көрсетілген қолтаңба тұруы тиіс. Сондай-ақ қолтаңба мәтініне хатты аяқтаудың жалпыға бірдей қабылданған формулаларының бірін қосу ұсынылады.

Хатты құрастыру кезінде жолданымға жауап беріліп отырған хаттың үзінділерін қосу, сондай-ақ іскерлік хат-хабар алмасуда жалпыға бірдей қабылданған сөз тіркестері мен қарата айтылатын сөздерді қолдану ұсынылады.

КОРПОРАТИВТІК КОДЕКСТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Осы Кодекстің ережелерін білу және сақтау Кәсіпорынның әрбір қызметкерінің міндеті болып табылады.

Кәсіпорын қызметкерлері өз қызметінде қабылданған нормаларды сақтай отырып және Кодексте белгіленген талаптар мен қағидалардың бұзылуына жол бермей, осы Кодекстің нормаларын басшылыққа алуға тиіс.

Кәсіпорынның әрбір басшы қызметкері үлгілі мінез-құлық көрсетуі және бағынысты қызметкерлер үшін үлгі болуы керек.

Корпоративтік кодекстің ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құжаттарының, Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының, Ішкі еңбек тәртібі қағидаларының талаптары ескеріле отырып, бұзушылық жасау мән-жайларын объективті қарау негізінде қолданылатын болады.